

"Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде әскери мақсаттағы өнімді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 300 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде әскери мақсаттағы өнімді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде әскери мақсаттағы өнімді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісімді ратификациялау туралы

2010 жылғы 10 желтоқсанда Мәскеуде жасалған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде әскери мақсаттағы өнімді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде әскери мақсаттағы өнімді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (бұдан әрі - ҰҚШҰ) мүше мемлекеттер, қалыптасқан өндірістік және ғылыми-техникалық кооперация базасында әскери мақсаттағы өнімді жасау саласындағы ынтымақтастықты қолдау және дамыту қажеттігін мойындай отырып,

Тараптар өнеркәсібі қорғаныс салаларының ықпалдасуын ұзақ мерзім негізінде

дамытуға өзара ұмтылысты басшылыққа ала отырып,
2000 жылы 20 маусымда қол қойылған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық
қауіпсіздік туралы шарт ұйымына қатысушы мемлекеттер арасындағы
әскери-техникалық ынтамақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің
е р е ж е л е р і н д а м ы т а отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар әскери мақсаттағы өнім (бұдан әрі — ӘМӨ) өндіруге және ол үшін
қажетті материалдар мен жартылай өңделген өнімдер, жиынтықтаушы элементтер мен
бұйымдарды, оқу және қосалқы мүлікті жеткізуге, сондай-ақ екі жақты өндірістік және
ғылыми-техникалық кооперация шеңберінде ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына
және меншік нысанына қарамастан, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындауға және
қызметтерді көрсетуге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау
бойынша қажетті жағдайды қамтамасыз етеді.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай мағыналары бар негізгі терминдер
қ о л д а н ы л а д ы :

«ӘМӨ өндіру» - кәсіпорындардың ӘМӨ-ні регламенттеу жұмыстары мен
жаңғыртуды, сондай-ақ кәдеге жаратуды қоса алғанда, әзірлеу, дайындау, пайдалануды
с ү й е м е л д е у ж ө н і н д е г і қ ы з м е т і ;

«материал» - бұйымды дайындауды немесе пайдалануды қамтамасыз ету үшін
қ о л д а н ы л а т ы н еңбектің бастапқы м ә н і ;

«жартылай өңделген өнімдер» - жеткізуші кәсіпорынның тұтынушы кәсіпорында
қосымша өңделуге немесе жиналуға тиісті бұйымы;

«жиынтықтаушы элементтер мен бұйымдар» - дайындаушы кәсіпорындар
шығаратын бұйымдардың құрамдас бөліктері ретінде қолданылатын жеткізуші
кәсіпорындар шығаратын элементтер мен бұйымдар;

«оқу және қосалқы мүлік» - оқу-материалдық база ретінде қолданылатын, сондай-ақ
жеке құрам мен персоналды оқыту кезінде оны пайдалануды және жөндеуді
қамтамасыз ететін материалдар, бөлшектер, тараптар, агрегаттар;

«қабылдау» - ӘМӨ-нің оған белгіленген талаптарға сәйкес келуін тексеру және
жеткізілімдерге және/немесе пайдалануға ӘМӨ-нің жарамдылығы туралы құжаттарды
ресімдеу.

3-бап

Тараптардың осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдары:
Армения Республикасынан — Армения Республикасының Экономика министрлігі;
Беларусь Республикасынан - Беларусь Республикасының Мемлекеттік
әскери-өнеркәсіптік комитеті;
Қазақстан Республикасынан — Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;
Қырғыз Республикасынан — Қырғыз Республикасының Экономикалық реттеу
министрлігі;
Ресей Федерациясынан - Ресей Федерациясының Өнеркәсіп және сауда министрлігі;
Тәжікстан Республикасынан — Тәжікстан Республикасының Энергетика және
өнеркәсіп министрлігі;
Өзбекстан Республикасынан - Өзбекстан Республикасының Экономика министрлігі
болып табылады.

Әрбір Тарап уәкілетті орган өзгерген жағдайда бұл туралы қалған Тараптарға белгіленген тәртіпте хабарлайтын ҰҚШҰ-ның Бас хатшысын дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

4-бап

ҰҚШҰ-ның Әскери-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық комиссиясы Тараптар уәкілетті органдарының ұсыныстары бойынша ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттері әскери-экономикалық ынтымақтастығының мүддесі үшін мамандануын сақтау мақсатқа лайық кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбелерін (бұдан әрі - Тізбелер) қалыптастырады және Тараптар Үкіметтерінің бекітуі үшін оларды ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттерге жібереді.

5-бап

Тараптардың тізбелерде көрсетілген кәсіпорындары мен ұйымдары шығаратын ӘМӨ өндірістен алу тәртібі мен мерзімін белгілеу, бұл кәсіпорындар мен ұйымдардың құрамын өзгерту, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілерін бірлесіп әзірлеуге және өндіруге қатысуы туралы шешім қабылдау Тараптардың уәкілетті органдарының келісімі бойынша олардың ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6-бап

ӘМӨ өндіру үшін қажет материалдар мен жартылай өңделген өнімдер, жиынтықтаушы элементтер мен бұйымдарды, оқу және қосалқы мүлікті жеткізу, әскери мақсаттағы жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету екі келісімдер (шарттар, келісім-шарттар) негізінде жүзеге асырылады.

7-бап

Жеткізілетін ӘМӨ қабылдау және сапасын бақылау өнеркәсіптің қорғаныс салалары кәсіпорындарының өндірістік және ғылыми-техникалық кооперациясы туралы екі жақты халықаралық шарттарға сәйкес, сондай-ақ нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

8-бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде алынған материалдарды, жартылай өңделген өнімдерді, жиынтықтаушы бұйымдарды, құжаттама мен ақпаратты жеткізуші Тараптың алдын ала келісімінсіз үшінші мемлекеттерге, олардың азаматтары мен ұйымдарына, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға бермеуге (сатпауға) міндеттенеді.

9-бап

Тараптар өзінің ұлттық заңнамасына және өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес ӘМӨ-ні өндіруге, бірлескен жұмыстарды орындау үшін қажетті көлемде жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге қатысты мәселелер бойынша ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

Құпия ақпаратты құрайтын мәліметтерді өзара беру және қорғау 2004 жылғы 18 маусымдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде құпия ақпараттардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге және Тараптар арасында жасалған екі жақты халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап

Осы Келісім шеңберінде Тараптар бір-біріне берген немесе ынтымақтастық процесінде жасалған зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды пайдалану және қорғау тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде әскери-экономикалық ынтымақтастық барысында алынған және пайдаланылатын зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды өзара қорғау туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

11-бап

Осы Келісім өздері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттар бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

12-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер мүдделі Тараптар арасындағы консультациялар консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

13-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіпте күшіне енетін тиісті хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы төртінші жазбаша хабарлама депозитарийге сақтауға тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қажетті мемлекетішілік рәсімдерді кейінірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарийге тиісті құжаттар тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

15-бап

Осы Келісім, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың қолданылуы мерзімі ішінде қолданылады.

Әрбір Тарап осы Келісімнің қолданылуы кезінде туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттей отырып, шығу күшіне дейін алты айдан кешіктірмей депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады.

Мәскеу қаласында 2010 жылғы 3 желтоқсанда орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін ҰҚШҰ Хатшылығында сақталады.

<i>Армения Республикасы үшін</i>	<i>Ресей Федерациясы үшін</i>
<i>Беларусь Республикасы үшін</i>	<i>Тәжікстан Республикасы үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасы үшін</i>	<i>Өзбекстан Республикасы үшін</i>
<i>Қырғыз Республикасы үшін</i>	

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде әскери мақсаттағы өнімді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісімге Өзбекстан Республикасының ескертпесі

2010 жылғы 10 желтоқсан Мәскеу қаласы

«Өзбекстан үшін әскери мақсаттағы өнімді өндіру саласында нақты мемлекеттермен екіжақты негіздегі ынтымақтастық басым болып табылады».

Өзбекстан

Республикасының

Президенті

И. Каримов

К ө ш і р м е с і

Ұ Қ Ш Ұ

Қ ұ қ ы қ

б ө л і м і н і ң

д ұ р ы с :

Х а т ш ы л ы ғ ы

б а с т ы ғ ы

К. Голуб

Орыс тіліндегі мәтінге сәйкес аударылды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ о р ғ а н ы с

м и н и с т р л і г і

Х а л ы қ а р а л ы қ

ы н т ы м а қ т а с т ы қ

д е п а р т а м е н т і

б а с т ы ғ ы н ы ң

орынбасары

полковник

Ә. Кулбаев

2010 жылғы 10 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде әскери мақсаттағы өнім өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

С ы р т қ ы і с т е р

м и н и с т р л і г і

Х а л ы қ а р а л ы қ

қ ұ қ ы қ

д е п а р т а м е н т і н і ң

Басқарма бастығы

Б. Пискорский